ЖЕКЕ КӘСІПКЕР «KAZ.INVEST-LAB»

ҚР, ОҚО, Қазығұрт ауданы
Рабат а/ә, Қ.Абдалиев ауылы
А.Абдусаттаров, көшесі №18
ЖСН:850326403109 тел: 87027699030

KAZ.INVEST-LAB

ИНДИВИДУАЛЬНЫЙ ПРЕДНРИНИМАТЕЛЬ «KAZ.INVEST-LAB»

РК, ЮКО, Казыгуртский район
село Рабат, отделение. К.Абдалиев
улица А.Абдусаттаров № 18
ИИН:850326403109 тел: 87027699030

Қазығұрт ауданы «26» қыркүйек 2019ж.

шығ: № 28/1

ҚР Қаржы Министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті басшысына

ЖК «KAZ.INVEST-LAB»
А.П.Турабековадан

ЖК «KAZ.INVEST-LAB», «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитеті «Нұра топтық су құбыры» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының«Оңтүстікауызсу» филиалы тарапынан мемлекеттік сатып алуы бойынша 29.08.2019 жылы жарияланған **№3610304-1** «Сарыағаш қаласындағы Бостандық көшесі, су құбырын ауыстыру» атты ашық конкурсына қатысуға өтінім бергенін хабарлайды.

20.09.2019 жылғы № 3610304-ОК1 қорытындылар туралы хаттамасында **"Энерготеплопроект" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Жол Болсын" ЖШС, ЖК "KAZ.INVEST-LAB"** конкурстық комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижелерімен конкурсқа рұқсат алып жіберілген.Алайда **"Жол Болсын" ЖШС**, және **"Энерготеплопроект"** жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне шартты жеңілдік мөлшерін есептегенде осы екі өтінім берушілерге сапа менеджменті жүйесіне 2 балдан және экологиялық менеджмент жүйесіне 1 балдан жалпы алғанда 3% шартты жеңілдік берген, ал өтінім беруші **ЖК «KAZ.INVEST-LAB»** сапа менеджменті жүйесі мен қоршаған ортаны басқару менеджменті жүйесі бола тұра, шартты жеңілдік бермеген, бұл жерде, ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын құжаттары бола тұра «№648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 150 тармағын қарастырмаған.Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитеті «Нұра топтық су құбыры» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Оңтүстікауызсу» филиалының 24.06.2019жылғы №3456040-1 конкурсына әлеуетті өтінім беруш **ЖК«KAZ.INVEST-LAB»** қатысып **28.08.2019жылғы № 3456040-ОК1** қорытындылар туралы хаттамасында сапа менеджменті жүйесі мен қоршаған ортаны басқару менеджменті сәйкестік сертификаттарына 3% шартты жеңілдік берілген еді. Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ 4 бабының 1) тармақшасы және 3), 4) тармақшаларын негізге ала отырып, мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік, мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын орнатып беруіңізді және Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V заңының 47 бабы 2) тармағына сәйкес конкурстың қорытынды хаттамасының күшін жойып, қайта қарап, беруіңізді сұраймын .

Құрметпен
ЖК «KAZ.INVEST-LAB» **А.П.Турабекова**